

Сбербанк Қазақстан өзінің 100-ші бөлімшесін ашты

20 қараша 2019 ж., Алматы қ. - Сбербанк Қазақстан өзінің аймақтық желісін кеңейтуді қарқынды түрде жалғасытуда. Еліміздің картасындағы банк бөлімшелерінің саны 100-ге жетті. Петропавл қаласының орталығындағы "Dostyk Mall" сауда орталығындағы аттас жаңа бөлімше Банктің Қазақстандағы мерейтойлық бөлімшесі атанды. Клиенттер аталған бөлімшеде жеке тұлғаларға арналған банктік қызмет түрлерін пайдалана алады (клиенттерге қолайлы болуы үшін жаңа бөлімшенің жұмыс күні сағат 21-ге дейін ұзартылды).

Қазақстандағы «Жинақ банкі» АҚ ЕБ тарихы 2006 ж. соңында ресейлік қаржы жүйесінің флагманы, Орталық және Шығыс Еуропаның аса ірі қаржы институты Сбербанк России ТексакаБанктің 99,99% акциясын сатып алуынан басталады. Сол кезден бері өзінің соңғы 13 жылдағы жемісті қызметі бойына Сбербанк Қазақстан еліміздің екінші деңгейлі банктерінің рэнкингінде активтер мөлшері және несиелік портфель көлемі бойынша екінші ірі ойыншыға айналып, еліміздің қаржы нарығында үлкен жетістікке қол жеткізді. Бүгінгі таңда Банктің 100 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сы - филиал.

"Банкті дамыту стратегиясы аясында біз бөлімшелер желісі мен онлайн қызмет көрсету тұжырымдамасын таңдадық. Бұл ретте біз өз сервисімізді клиенттеріміздің қалауына қарай өзгертуге аса назар аударудамыз. Бизнестің жаңа үлгісіне өту тұрғысынан бұл жылы трансформацияның соңғы кезеңі өтті. Бұл бөлімшелер форматын эргономика тұрғысынан жаңартуға, сондай-ақ банкте қызмет алу кезінде клиенттеріміздің уақытын үнемдеуге қатысты", - деп айтты "Сбербанк" АҚ ЕБ Басқармасының Төрағасы Александр Камалов.

Банк жыл соңына дейін тағы бір бөлімшесін ашады, желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласы Қабанбай Батыр даңғылындағы жаңа бөлімше өз клиенттерін күтетін болады.

Сбербанк Қазақстанның келесі жылға жоспары - клиенттерге ең заманауи цифрлық шешімдер есебімен қызметтер мен бағдарламалар ұсынылатын жаңа он бөлімше ашу.

Анықтама:

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 13 жыл табысты жұмыс істеп келеді, 01.09.2019 ж. мәліметтерге сәйкес активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 2-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 100 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сы - филиал. Банктің Орталық офисі Алматы қаласында орналасқан.

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Гульмира Мухсинова
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 502 466)
e-mail: Gulmira.Mukhsinova@sberbank.kz

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Фархад Таев
+7 (727) 266-35-68 (ішкі нөмір.: 600 158)
e-mail: Farhad.Taev@sberbank.kz